

**"Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Хромтау ауданының білім бөлімі" ММ  
«№4 Хромтау орта мектебі» КММ**

**Педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына қабылдау туралы  
ХАБАРЛАНДЫРУ.**

"Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі" ММ «№4 Хромтау орта мектебі» КММ-де төменде көрсетілген бос орындарға және уақытша орындарға конкурс жарияланады: орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі оқыту тілі қазақ бос орнына 1-педагог, математика пәні оқыту тілі орыс бос орнына 2 педагог, химия пәні оқыту тілі орыс бос орнына 1 педагог, тарих пәні оқыту тілі орыс бос орнына 2 педагог, көркем еңбек оқыту тілі орыс 1 педагог, көркем еңбек оқыту тілі қазақ 8 сағатқа 1 педагог, бастауыш сынып мұғалімі оқыту тілі орыс 2 педагог, директордың оқу-тәрбие орынбасары бастауыш сыныптарға 1 педагог - тұрақты жұмысқа қабылдауға және уақытша орынға: ағылшын тілі 3 педагог, география оқыту тілі орыс 1 педагог, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі оқыту тілі орыс 1-педагог. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына енгізілген өзгеріс (ҚР Оқу-ағарту министрінің 22.12.2022 № 513) 3-тарау, 1-параграф, 11-қосымша (педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы) бойынша өтеді.

**Мекеме атауы:** "Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі" ММ-нің «№4 Хромтау орта мектебі» КММ

**Білім беру ұйымының орналасқан жері:**

031100, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, М.Әуезов көшесі, 5 үй.

**Эл.поштасы:** [hssh4@mail.kz](mailto:hssh4@mail.kz)

**Телефон номері:** 8/71-336/23-2-52; 87711824340

**Негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген бос және уақытша бос лауазымның атауы:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен (өзгерісі 31.03.2022ж.№121) бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 3- тарау 7-параграф. 64,66 тармақтар барлық мамандықтардың пән мұғалімдеріне қойылатын талаптарымен лауазымдық міндеттері мен біліктілікке қойылатын талаптарды.(ескеру)

**Еңбек ақы мөлшері:** 150000-200000 тенге

**Жұмысқа қабылдау мерзімі: тұрақты**

орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі (16 сағат) тұрақты 1 -педагог,

математика пәні мұғалімі 2 педагог (32 сағат),

химия пәні орыс кластарына бос орныны 1 педагог (16 сағат),

тарих пәні орыс кластарына бос орнына 1 педагог (16 сағат),

тарих пәні орыс кластарына бос орнына 1 педагог (8 сағат),

көркем еңбек орыс кластарына 1 педагог (16 сағат), қазақ кластарына (8 сағатқа) 1 педагог,

бастауыш сынып мұғалімі орыс кластарға 2 педагог (32 сағат)

директордың оқу-тәрбие орынбасары бастауыш сыныптарға 1 педагог (1 ставка).

**уақытша орынға:**

ағылшын тілі орынға 3 педагог (48 сағат),

география орыс кластарға 1 педагог (16 сағат),

орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қазақ кластарына (16 сағат)

**Құжаттарды қабылдау мерзімі: 10 тамыз 21 тамыз 2023 жыл.** ( хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі)

**Конкурсқа қатысу үшін төменде көрсетілген құжаттарды мектептің қабылдау бөлмесіне электронды немесе қағаз түрінде тапсыруыңыз сұралады.**

**Қажетті құжаттар:**

1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша шекті деңгейі кемінде 90% сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының, немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе Celta сертификаты (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) pass a; Delta (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе TOEFL (TOEFL) (интернетке негізделген тест (IWT)) - 60-65 балл; болу керек.

11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

12) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

13) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

**Құжаттарды тапсыратын орын: Қабылдау бөлмесі. 1-қабат; №1**

**Хабарландыру мектептің интернет-ресурсында және әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында жарияланды:**

**[www.enbek.kz](http://www.enbek.kz); [khssh4-4.edu.kz](http://khssh4-4.edu.kz); [khssh4](https://www.instagram.com/khssh4) / Instagram /парақшасында**

**Мектеп әкімшілігі**